

## Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1758.

Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1777 қаулысымен. ~P971777

"Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық

комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 985

P960985\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 33, 312-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1758 қаулысымен  
бекітілген

Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес туралы  
ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес (бұдан әрі - Сарапшылық

кеңес) консультациялық-кеңесші орган болып табылады, оның қызметінің негізгі бағыттары:

бухгалтерлік есепті дамыту мен жетілдіру, сондай-ақ бухгалтерлік даярлау мен қайта даярлау мәселелері жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

Сарапшылық кеңестің құрамына орталық атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сондай-ақ өздерінің қатысуымен республикадағы бухгалтерлік есеп пен аудитті жетілдіруге жәрдемін тигізуге мүмкіндігі бар басқа да мамандар кіреді. Сарапшылық кеңес 28 мүшеден құрылады, бұл ретте мемлекеттік органдар өкілдерінің саны кеңес мүшелері жалпы санының 1/3-інен аспауы керек.

Сарапшылық кеңес құрамы Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік

есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Сарапшылық кеңес төрағасы мен оның екі орынбасары кеңес мүшелерінің ішінен жалпы жиналысында сайланады.

Сарапшылық кеңестің барлық мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде атқарады.

Сарапшылық кеңес мүшесі оның жұмысына жарты жыл бойы қатыспаған, сондай-ақ төрағаның немесе оның орынбасарларының тапсырмаларын орындамаған жағдайда, оны Сарапшылық кеңестің құрамынан шығару туралы мәселе қойылады.

## 2. Сарапшылық кеңестің негізгі міндеттері

Сарапшылық кеңестің негізгі міндеттері:

бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарының жобасын талқылау;  
бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беруді, аудитті ұйымдастыру, дамыту мәселелерін талқылау;  
бухгалтерлік есепті үйлестіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

бухгалтерлік есеп стандарттарының, аудиттің, талдау әдістемелерінің жобаларын әзірлеуді және бухгалтерлік қызмет көрсету саласындағы басқа да мәселелерді ұйымдастыру;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру стандарттарын, аудит

стандарттары мен оларды бақылау әдістемесін практикаға енгізу жөнінде ұсынымдар жасау;

ұйым қызметін талдау әдістемесі жөнінде ұсынымдар жасау;

алғашқы есеп жүйесін жетілдіру және бухгалтерлік есепті

автоматтандыру мәселелері жөнінде ұсынымдар жасау;

жекелеген ұйымдардың бухгалтерлік есепті ұйымдастырудағы оң тәжірибелерін қарап, жинақтау;

кәсіби бухгалтерлік оқыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысу болып табылады.

### 3. Сарапшылық кеңестің өкілеттігі

Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес:

бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы нормативтік құқықтық актілер жөнінде ескертулер мен ұсыныстар беруге;

бухгалтерлік есеп пен қаржы мәселелері саласындағы зерттеулерді жүзеге асыруға қатысуға;

бухгалтерлік есеп пен стандарттарын және олардан туындайтын экономикалық ұғымдарды талқылау кезінде бухгалтерлік ақпаратты пайдаланушылардың пікірлерін қарауға және тиісті ұсыныстар енгізуге;

бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарының таралуына жағдай жасауға;

Сарапшылық кеңестің қызмет аясына кіретін өзге де мәселелерді қарауға құқылы.

### 4. Сарапшылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның регламенті

Сарапшылық кеңес өз мәжілісінде бекітілген жылдық жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Сарапшылық кеңестің мәжілістері кеңес бекіткен регламентке сәйкес өткізіледі.

Сарапшылық кеңестің мүшелері оның мәжілістеріне ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сарапшылық кеңестің шешімдері оның мүшелері жалпы санының көпшілік

даусымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді.

Сарапшылық кеңес мүшелері пікір айтуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркеледі.

Сарапшылық кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Сарапшылық кеңестің қызметіне басшылық ету Сарапшылық кеңестің төрағасына жүктеледі.

Сарапшылық кеңес қабылдаған шешімге Сарапшылық кеңестің төрағасы, ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары қол қояды.

Сарапшылық кеңестің ұсынысы Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясына оның мәжілісінің хаттамасынан көшірме нысанында қажетті анықтамалық және өзге де материалдар қоса беріледі.

Кезекті мәжілістің алдын ала күн тәртібі мен барлық материалдары мәжілістің басталуына 10 күннен кешіктірілмей кеңестің барлық мүшелеріне мәжілістің болатындығы туралы хабарлана отырып, бір мезгілде жіберіледі.

Сарапшылық кеңес мүшелері күн тәртібіне енгізу үшін ұсынған мәселелер, кезекті мәжілістен 20 күнтізбелік күннен кешіктірілмей алдын ала күн тәртібінің қосымша тізбесіне енгізіледі.

Сарапшылық кеңесі мәжіліс кезеңінде, мәжіліс ашылған кезде

өздері бекіткен түпкілікті күн тәртібіне өзгертулер енгізуге құқылы.

Сарапшылар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 қатысса, мәжіліс заңды деп саналады.

Сарапшылық кеңестің қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1758 қаулысына  
қосымша

Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңестің құрамы

Әбдіманапов А.А. - Бухгалтерлер мен аудиторлар  
бірлестігінің төрағасы

Абдулина Н.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің бухгалтерлік есеп

- жөніндегі департаментінің  
директоры (келісім бойынша)
- Айрих М.К. - "Средаэнергомонтаж тресі"  
АҰАҚ бас бухгалтері
- Әбдікамалов О.А. - Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік мүлікті басқару  
жөніндегі мемлекеттік комитеті  
төрағасының орынбасары
- Быков В.А. - Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясының мүшесі
- Вильямсон Д. - Қазақстан Республикасының  
Президенті жанындағы Қазақстан  
менеджмент, экономика және  
болжау институтының Еуропалық  
одағы директоры, профессор
- Галин А.Г. - "Сеймар" концернінің  
вице-президенті
- Горячковский В.И. - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
статистика агенттігінің төрағасы
- Дәуітова А.Л. - "Бутя" ЖШҚ қаржылық директоры
- Иванова Е.А. - "Азия-Полис" АҚ бас бухгалтері,  
Алматы қаласы
- Кетебаев М.К. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрінің орынбасары
- Көшкімбаев С.Х. - Қазақстан Республикасы Аудиторлар  
палатасының президенті
- Құрманғалиев С.Ш. - Қазақстан Республикасының Баға  
және монополияға қарсы саясат  
жөніндегі мемлекеттік комитеті  
төрағасының бірінші орынбасары
- Тайғашынова К.Т. - экономика ғылымдарының кандидаты,  
доцент, Қазақ көлік және  
коммуникациялар академиясының  
бухгалтерлік есеп және аудит  
кафедрасының меңгерушісі
- Кеулімжаев К. - Қазақ мемлекеттік басқару  
академиясының профессоры
- Лопина Л.А. - Қазақстан Республикасының Қаржы

- министрлігі жанындағы Бухгалтерлік  
есеп және Қазынашылықтың есеп беру  
басқармасы бастығының орынбасары
- Макажанова Ж.С. - "Металлинвест" инвестициялық  
қорының басқарушысы
- Мұқашев Ж.Д. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің бірінші орынбасары
- Мұхамеджанов Б.Ғ. - Қазақстан Кәсіпкерлері  
Конгресінің президенті
- Ноғайбеков Ш. - "Қазақтелеком" ҰАҚ бас бухгалтері
- Нұрмаханова К.Г. - "Қазақстанкаспийшельф" Ақ бас  
бухгалтері
- Радостовец В.К. - Қазақ мемлекеттік басқару  
академиясының профессоры
- Рахымбекова Р.М. - Қазақстан Республикасының  
Бухгалтерлік есеп жөніндегі  
ұлттық комиссиясының төрағасы
- Трифонова Л.Ф. - "Алаугаз" Ақ бас бухгалтері,  
Алматы қаласы
- Темплин Д. - "Прайс Уотерхаус" бухгалтерлік  
фирмасының директоры
- Том Крадок-Ватсон - "Артур Андерсен" фирмасының  
аудит жөніндегі директоры
- Томалья Н.В. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
тергеу комитетінің бас бухгалтері  
(келісім бойынша)
- Шалғымбаева Г.Ж. - "Химпром" АҚ-ның бас бухгалтері,  
Павлодар қаласы